

КВИ-ге қарсы вакцинация тоқтаған жоқ
2-бет

Тәңірқұт
5-бет

Ең құнды сыйлық
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ


www.ortalyq.kz

СЕНБИ, 17 АҚПАН, 2024 ЖЫЛ №20 (23 342)

www.facebook.com/ortalyq.kz

Қатерлі ісікпен күрес нәтижелі ме?

Денсаулық сақтау министрлігінің былтырғы жылғы ресми статистикасына сүйенсек, елде онкология диагнозымен 218 мыңнан астам адам есепте тұр. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 6%-ға артық. Жыл сайын 40 мыңға жуық адамнан қатерлі ісік анықталса, 12 мың адам осы дерттен көз жұмады. Қатерлі дерт өлім-жітім себебі жағынан жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейін екінші орында екен. Сондықтан, онкологиялық аурулардың алдын алу, емдеу және емнен кейін науқастардың өмірін ұзарту, жалпы, онкологиялық қызметті жетілдіру ісіне кейінгі жылдары аса мән беріле бастады.



Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»


Аймақ онкологиясының ахуалы

Аймақтың да онкологиялық қызметі жылды жағымды жаңалықтармен бастады. Ақпанның басында Қарағандыда заманауи томотерапия аппаратының алынғанын, екі бөлімшенің ашылғанын барлық БАҚ жарыса жазды. Расымен де, жаңа ғимарат науқасқа да, дәрігер үшін де ыңғайлы болғаны анық. Себебі, №3 көпсалалы ауруханада болғандар кабинеттерді айтпай-ақ қойғанда дәліздердің айналып жүруге келмейтінін бәрі біледі. Аурухана

жанынан салына бастаған операциялық-реанимациялық блоктың құрылысы қаржыландыруға «тіреліп», тоқтап тұр. Орын тапшылығы өңір онкологиялық қызметінің өзекті мәселесіне айналғалы біраз болған. Сондықтан, 45-орамдағы бұрынғы балалар ауруханасы Оңтүстік-Шығысқа көшкен бетте оның емханасы жөнделіп, онкологиялық науқастардың игілігіне беру шешілген еді. Ол жерге енді химиотерапия орталық орналасты. Бұл дерттен қажыған науқастардың жанына кішкене болса да жайлылық, жылулық пен сенімділік сыйлары сөзсіз. Себебі, күрделі жөндеуден өткен орталық жаңа құралдармен жабдықталған.

Мұнда 100-ден астам адам оңалтудан өтсе, 16 орын паллиативті көмекке арналған орын бар. Орталықта химиотерапия, оңалту, күндізгі стационар және паллиативті көмек алу мүмкіндігі қарастырылған. Ашылу сәтінде аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев, Денсаулық сақтау вице-министрі Вячеслав Дудник пен Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры Дилжара Қайдарова болып, жоғары бағалады.

Бірінші қабаттағы күндізгі стационарда бір мезетте 15 адам ем алады. Тәулігіне 60 адамға дейін қабылдайды. Бір, екі және үш адамдық палаталар, толық жаб-



Реформа – өміршең өзгерістер

дықталған интенсивті терапия палаталары бар. Кәсіби және дер кезіндегі медициналық көмек пен күтім қашанда қолжетімді.

Республикада – үшінші

Медициналық көмекке деген қолжетімділік кәсіби маман мен заманауи аппараттармен өлшенеді. Онкологиялық диспансерде маманға тапшылық сезілмесе де, құрал-жабдықты жаңалау қажеттілігі бар. Бұл бағытта да жұмыстар қолға алынды.

Радиациялық онкология орталығына томотерапия аппараты қойылды. Құны 3 млрд. теңге тұратын аппарат инвестиция тарту арқылы сатып алынды. Бұл – елдегі осындай құралдың үшіншісі. Бұған дейін науқастар Астана, не Алматыға барып емделуге мәжбүр болатын. Енді бұл өңірде де мүмкін.

Томотерапияның артықшылығы мамандардың айтуынша, сәулелендіру қатерлі ісікке тікелей әсер етіп, сау тіндерді барынша айналып өтеді. Инновациялық технологиялардың көмегімен кез келген көлемдегі, кез келген пішіндегі, тіпті ең күрделі деген жерде орналасқан ісікті сәулемен емдеуге болады.

– 360 градусқа айналатын сәулелендіру қатерлі ісікке әсер етуге науқастың тыныс аулуына дейін бейімделе алады. Берілетін доза әсері сау клеткаларға барынша төмен.

3-бет

Тарихи жеңіс әкелген Наргиза



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Теміртаулық Наргиза Болатова мен Эдуард Кимнің Катар астанасы Доха қаласында өткен су спорты сайысы чемпионы атанғанын әлем көрді. 25 елдің спортшылары бақ сынаған сайыста спортшылар алтыннан алқа тағып, Қазақстанға тарихи жеңіс сыйлады. Елге оралған спортшы мен оның жаттықтырушысы Елена Котованы облыс әкімдігінде арнайы қабылдап, құттықтады.



Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын теміртаулық спортшы мен оның жаттықтырушысын сәтті өнер көрсетуімен құттықтады. Ол карағандылық спортшылардың жемісті еңбегі мен жоғары жетістіктерін атап өтті.

– Бұл – тәуелсіз Қазақстанның су спортынан әлем чемпионатындағы алғашқы алтыны. Жақында Наргизаның Қытайдағы Азия ойындарының қола жүлдегері болғанды да ерекше қуантады. Қол жеткізген жетістіктермен және жаңа жеңістеріңіз жалғаса беруін тілеймін, – деді Ерлан Құсайын.

Наргиза Болатова 6 жастан бастап синхронды жүзмен айналысады. Ол – халықаралық дәрежедегі спорт шебері, су спорты турлері бойынша Қазақстан Республикасы құрамасының капитаны. Республикалық және әлемдік чемпионаттардың бірнеше дүркін жүлдегері.

– Жеңімпаз атану үшін ұзақ және ауыр жаттығу қажет. Қарсыластарым мықты болды. Мен эмоцияларды, судағы театрды көрсетуге тырыстым. Бірақ сонымен бірге, бағдарламань күрделілігін көрсету қажет болды. Эдуардпен жұмыс істеу оңай болды. Ол – талантты спортшы, біз бір-бірімізге көмектестік. Енді Әлем кубогының келесі кезеңдеріне дайындаламын. 2028

Өз тілшімізден

РЕСМИ

Кезек жүйесінде өзгерістер бар

Елімізде жыл басынан бері 1500 орынға арналған 13 жаңа балабақша ашылды. Сондай-ақ, балаларды кезекке қою және мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау қағидаларына өзгеріс енгізілді.

Елімізде барлығы 1 миллионға жуық баланы қамтитын 11 346 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Жыл соңына дейін жаңа балабақшалар ашу және оның желісін кеңейтуді 77 мыңға жуық орынға дейін жеткізу жоспарда.

– Соңғы бес жылда балабақшаға

жолдама алу үшін кезекте тұрғандар саны екі есеге қысқарды. Бүгінде 2-6 жас аралығындағы балаларды қамту 91 пайызды құрайды. Бныл бұл көрсеткішті арттыру жоспарлануда, – деді Оқу-ағарту министрлігі Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манар Адамова.

Сондай-ақ, бұдан былай жалпықалалық кезектер болмайды. Әр балабақшаның кезегі жеке-жеке құрылады. Әзірге Шахтинск жаңа қағидаларды пайдалана бастаған елдегі алғашқы қала болып отыр. Қалада ата-аналардың қатысуынсыз кезектің тізімдеріне сәйкес жолдамалар бірден автоматты түрде беріле бастады. Баланы қабылдау және келісімшарт жасау процесін бақылайтын Индиго жүйесіне өткізіледі.

Өз тілшімізден

КӨКЕЙКЕСТІ

Ескі көлік есептен шықпайды

Елді елендеткен «Көне көліктерді жүргізбейді» деген қауесет ақпан тұғалы гулеп тұр. Білін айтқаннан гөрі дүрмекке ергендер көп. Қайда сүйеніп, неге негізделген ақпарат екенін аңдар ағайын жоқ. Ақиқат, я жалғандығына да бас қатырғандар шамалы. Әлеуметтік желідегі «ескі көлікке тыйым салады» деп айғайлаған ақпарат шындыққа жанаспайды. Мұнда тиісті құзырлы орындар Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 334-бабына толықтырулар енгізуді ұсынады. Ол ұсыныстар қазіргі уақытта Мәжілістің талқысында. Анау айтқандай, бүгін-ертең ескі көлікті Үкімет бас салып, тартып алмайды және алғалы отырған да жоқ. Тіпті, Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінде айыппұл салу туралы мұндай бап бұрыннан бар. Бүгінде көтеріліп отырған мәселе – сол зиянды қалдықтар шығарған көліктердегі ақуларды түзетіндерге жауапкершілікті күшейту. Сонымен...

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Айыппұл салынып, көлік нөмірі алынады «Даудың басы Дайрабайдың

көк сиыры» демекші, «ескі көліктерді есептен шығару» деген дақыртқа түрткі болған – Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің «Шығарындыларда



Коллаж Ш.Алибекова

ластаушы заттардың болу нормативтерінен (техникалық нормативтерден) асыра отырып, автомобиль құралдары мен басқа да жылжымалы құралдарды пайдалану» туралы 334-бабы. Мұнда, яғни, 2004 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік кодексте «Шығарындыларда ластағын заттардың болуы, сондай-ақ, олардың жұмыс істеуі кезінде шығатын шудың деңгейі белгіленген нормативтерден (техникалық нормативтерден) асытын автомобиль құралдары мен басқа да жылжымалы құралдар мен қондырғыларды пайдалануға» белгілі бір мөлшерде айыппұл қарастырылған.

3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 480.81

•USD/KZT 448.06

•RUB/KZT 4.88

•CNY/KZT 62.29

Қазақстан Ұлттық Банкінің 16 ақпан, 2024 жылғы дерегі бойынша

